

**Әскери қызметшілерге, Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына уақытша тұрғын үй-жайларды жалға алғаны (жалдағаны) үшін жәрдемақы төлеуді реттеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 ақпан N 256. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 410 қаулысымен.

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 12-бабын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілеріне (мерзімді қызмет әскери қызметшілері мен әскери оқу орындарының курсанттарынан басқа). Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының тұрғын үй-жаймен қамтылмаған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына уақытша тұрғын үй-жайларды жалға алғаны (жалдағаны) үшін ай сайынғы жәрдемақы мөлшері:

Алматы қаласында - республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткіштің төрт есе мөлшерінде;

Облыс орталықтарында - республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткіштің үш есе мөлшерінде;

басқа елді-мекендерде - республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткіштің екі есе мөлшерінде;

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*